

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының анықтамалық парағына қосымша

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының арасындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасы бойынша келіспеушіліктер хаттамасы

Р/с №	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ұстанымы	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ұстанымы
1.	<p>«Қайталану» кезіндегі мекеме режиміне қатысты (ҚК-нің 46-бабы).</p> <p>Егер Заң жобасының тұжырымдамасымен ҚК-нің 46-бабына алғаш рет сотталған адамдарды бас бостандығынан айыруды өтеген адамдардан бөлу кездесе, онда бұл бапта жаза өтеу режимінің кандай да бір жағдайы ретінде қайталануды немесе қауіпті қайталануды көрсетудің қажеті жоқ.</p>	<p>«Қайталану» кезіндегі мекеме режиміне қатысты (ҚК-нің 46-бабы).</p> <p>Қайталану 5-бөлігінің 2) тармағында айқындалған «қауіпсіздігі орташа қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде: бұрындары жазасын өткерген әйелдерге, сондай-ақ қылмыстар қайталанған кезде»;</p>

Қайталану немесе қауіпті қайталану бұдан бұрын бас бостандығынан айыру жазасын іс жүзінде өтемеген адамның іс-әрекетінде танылуды мүмкін. Мысалы, адам ауыр қылмыс жасағаны үшін шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталды, содан кейін ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады, сот тиісінше оның іс-әрекетінде қайталану немесе қауіпті қайталану бар деп танылды.

Зан жобасында тұжырымдама ескерілмей әйелдерге қайталану және ер адамдарға қауіпті қайталану жағдайында жаза өтеу режим түрін тағайындау тәртібі реттелген. Сонын өзінде қылмыстардың қайталануы жағдайында ер адамдар қай жерде жаза өтеу тиіс екендігі жазылмаған.

Сондай-ақ бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген әйел адамға жаңа қылмыс жасаған кезде бұрын бас бостандығынан айыруға сотталмаған әйел адамдар жазасын өтейтін қылмыстық-ақтару жүйесінің орташа қауіпсіздік дәрежесі мекемесінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеу тағайындалады деген жобаның позициясы тұжырымдамаға қарама-қайшы келеді.

2.

Салыстырмалы кестенің 130-позициясы бойынша:

Зан жобасында КІПК-нің 129-бабын жаңа 1-1-бөліктен толықтыру ұсынылғанды.

Ұсынылған норма қолдау таппайды, өйткені қылмыстық-процестік заңнама қағидағтарына қарама-қайшы келеді және жеке бас бостандығына деген конституциялық құқықты бұзады.

Жеткізу, КІПК-нің 129-бабының 1-бөлігіне сәйкес бұл

Норма КІПК-нің 131-бабының 4-бөлігінің 6) тармағымен түсіндіріледі.

Бұған қоса, түзету қылмыстық қудалау органының шалғайлылығы немесе тиісті қатынас жолдарының жоқтығы салдарынан, сондай-ақ төтенше жағдайларда немесе төтенше ахуал жағдайларында процестік мәжбүрлеудің аталған шараларын процестік қолдану тәртібімен байланысты мәселелерді анағұрлым егжей-

<p>адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау мақсатында үш сағаттан аспайтын мерзімге қолданылатын процесстік мәжбүрлеу шарасы.</p> <p>Жеткізу – қандай да бір мән-жайлар кезінде үш сағаттан аспайтын ұстау элементі.</p> <p>Басқа елдердің заңнамасы жеткізу сияқты процесстік мәжбүрлеу шарасын мүлдем көздемейтіндігіне назар аудартамыз.</p>	<p>тегжейлі регламенттеуе бағытталған. Проблемалар негізінен шекара жасақтарының адамдарды, браконьерлерді және т.б. жеткізу уақытымен байланысты.</p> <p>Жеткізілген адамға ұстауды кейіннен қолданған жағдайда ұстау мерзімі қосылатын болады және адамға еркін жүріп тұру мүмкіндігі шектелген кезден бастап жолдағы уақыт енгізілетін болады. (Қылмыстық процесстегі азаматтарды қорғау денгейін арттыру бөлігіндегі ЖҰЖ-ның 93-тармағын іске асыру).</p>
<p>3. <i>Салыстырмалы кестенің 141-позициясы бойынша:</i></p> <p>Әзірлеушінің КІПК-нің 190-бабын толықтыру туралы ұсынысымен келіспейміз, өйткені аталған түзету тергеп-тексерудің жеделдетілген нысаны тұжырымдамасына қарама-қайшы келеді және қолдау табуы мүмкін емес.</p> <p>Іс бойынша он бес тәуліктен аса сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықтау не алдын ала тергеуге белгіленген мерзімдерде жалпы тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.</p>	<p>Занд жобасында КІПК-нің 190-бабына түзету сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жеделдетілген нысандарын қолдану мүмкіндігін одан әрі кеңейту мақсатында көзделген.</p> <p>Сонымен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап үш тәулік ішінде санкцияланған жасырын тергеу әрекеттері аяқталған кезден бастап жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексерудің 15 тәуліктік мерзімін жүргізу уақытын белгілеу ұсынылады.</p> <p>Практикада, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап жасырын тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Мұндай іс-шараларды жүргізу көбіне тергеп-тексерудің 15 тәуліктік мерзімінен асады. Осыған байланысты қылмыс жасаған адамды кешірек анықтаған кезде оған анағұрлым қатан емес жазаны алуға мүмкіндік беретін тергеп-тексерудің жеделдетілген нысанын тандау құқығын беру мақсатқа лайық.</p> <p>Бұл өз кезегінде, тергеп-тексеру процесін оңайлатуды және жеделдетуді, тергеу органдарына, соттар мен сараптамалық мекемелерге жүктемені төмендетуді</p>

	<p>жалғастыруға мүмкіндік береді, себебі бұл тергеп-тексеру нысаны қылмыс іздерін тіркейтін тергеу әрекеттерін ғана жүргізу мүмкіндігін, сондай-ақ қысқартылған сот отырысын көздейді.</p>
<p>4. Салыстырма кестенің 170, 171, 172, 173 және 174 – позициялары бойынша түзетулерді алып тастау ұсынылады.</p> <p>Бұл түзетулердің орнына заң жобасын біздің хатқа 1-қосымшаға сәйкес Жоғарғы Соттың ұсыныстарымен толықтыруды ұсынамыз. (ҚПК-нің 52-тарауы бойынша салыстырма кесте).</p> <p>Заң жобасына тұжырымдамада жоба «Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №52-14.191 тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 08 қаңтардағы №10/22 өкімімен жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді қолдану практикасын мониторингілеу және қорыту мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы (бұдан әрі - ВАЖТ) құрылған.</p> <p>ВАЖТ жұмысының шеңберінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге (бұдан әрі – ҚК, ҚПК) және басқа да кодекстер мен заңдарға қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ ҚК мен ҚПК-дегі ішкі карама-қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді» деп көрсетілген.</p> <p>Ұсынылған түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныстар Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

<p>5. <i>Салыстырма кестенің 188-позициясы бойынша:</i> КІПК-нің 623-бабы 1-бөлігінің 3) тармағында «жаза түрімен және (немесе) мөлшерімен» деген сөздерді алып тастау ұсынылады.</p> <p>Мұндай алып тастау соттың ғана сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық қағидатына сәйкес келмейді. Қылмыстық жазаның түрі мен мөлшерін сот қана айқындауы мүмкін.</p> <p>Аталған норманың жобамен ұсынылған редакциясында, егер сот жазаның түрімен және мөлшерімен келіспесе, онда сотқа істі прокурорға қайтаруға тыйым салынады.</p> <p>Бұл норманың негіздемесі ретінде әзірлеуші «сот прокурор ұсынған жаза түрін, мәселен, шартты түрдегі жазаны, тым жұмсақ деп санап және осы негіз бойынша істі кері қайтаралы деген жағдайлар практикада орын алалды» деп көрсетіп отыр.</p> <p>Мұндай редакция сот төрелігінің тәуелсіздігі және сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады деген конституциялық қағидатқа қарама-қайшы келеді.</p>	<p>Прокурор процестік келісімде ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарын ескере отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылық мән-жайларына, кінәлінің жеке басы мен басқа мән-жайларға сүйене отырып, сот алдында өтінішхат жасайтын (КІПК-нің 616-бабы 1-бөлігінің 8) тармағы) жазаның түрі мен мөлшерін көрсетеді (жазаның ең қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан жоғары емес).</p> <p>Бұл ретте, сот жазаны тағайындау кезінде прокурордың ұстанымымен келіспеуге және ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігі шеңберінде өзге жаза тағайындауға құқылы.</p>
<p>6. Мынадай ұсыныстарды қарау ұсынылады: ҚК-нің 58-бабы 3-бөлігіне және 4-бөлігіне сәйкес, егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынттығына қылмыстық теріс қылық кірсе, онда түпкілікті жаза жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындауы мүмкін.</p> <p>Бұл қағида қылмыстық теріс қылықтар үшін бас бостандығынан айыру тағайындамайды деген қылмыстық заң ережесіне, сондай-ақ қылмыстық теріс қылмықты</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және қосымша пысықтауды, мүдделі мемлекеттік органдармен келісуді және ғылыми-құқықтық сараптама қорытындысын алуды талап етеді.</p>

<p>жасағаны үшін сотталған адам соттылығы жоқ деп танылады деген ережеге сәйкес келмейді деп пайымдаймыз,</p> <p>Осыған орай, ҚК-нің 58-бабында, егер қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы қылмыстық теріс қылмықты қамтитын болса, онда түпкілікті жаза қылмыс үшін тағайындалған жазаның қылмыстық теріс қылмық үшін тағайындалған жазаны қамтуы арқылы тағайындалатыны туралы норма белгілеуді ұсынамыз.</p> <p>Зан жобасына тұжырымдамада жоба «Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кенесі хатшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №52-14.191 тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 08 қантардағы №16/22 өкімімен жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді қолдану практикасын мониторингілеу және қорыту мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы <i>(бұдан әрі - ВАЖТ)</i> құрылған.</p> <p>ВАЖТ жұмысының шеңберінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге <i>(бұдан әрі – ҚК, ҚПК)</i> және басқа да кодекстер мен заңдарға қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ ҚК мен ҚПК-дегі ішкі қарама-қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді» деп көрсетілген.</p> <p>Ұсынылған түзетулер Зан жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Зан жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және қосымша пысықтауды, мүдделі</p>
<p>7. Біреуі бойынша адам қылмыстық теріс қылмық үшін сотталған үкімдердің жиынтығы бойынша</p>	

<p>жазаны тағайындау мүмкіндігі туралы ҚК-нің 60-бабының ережесі қылмыстық теріс қылық үшін жаза тағайындалмайды деген қылмыстық заң ережесіне, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін сотталған адам соттылығы жоқ деп танылады деген ережеге қарама-қайшы келеді.</p> <p>ҚК-нің 60-бабында үкімдердің жиынтығы бойынша жаза қылмыс үшін ғана тағайындалатынын көздеуді ұсынамыз.</p> <p>Зан жобасына тұжырымдамада жоба «Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кенесі хатшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №52-14.191 тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 08 қаңтардағы №1ө/22 өкімімен жана Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді қолдану практикасын мониторингілеу және қорыту мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы <i>(бұдан әрі - ВАЖТ)</i> құрылған.</p> <p>ВАЖТ жұмысының шеңберінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге <i>(бұдан әрі – ҚК, ҚПК)</i> және басқа да кодекстер мен заңдарға қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ ҚК мен ҚПК-дегі ішкі қарама-қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді» деп көрсетілген.</p> <p>Ұсынылған тұзетулер Зан жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>мемлекеттік органдармен келісуді және ғылыми-құқықтық сараптама қорытындысын алуды талап етеді. Бұған қоса, ҚК-нің 62-бабына сәйкес жазаны, оның ішінде бас бостандығынан айыруды есепке алу көзделген.</p>
<p>8. ҚК-нің 55-бабы 3 және 4-бөліктерінің редакциясын түзету талап етіледі.</p>	<p>Ұсыныстар Зан жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің қолданыстағы редакциясында бұл норма процесстік келісімінің барлық шарттары орындалған істер бойынша қолданылады деп көрсету қылмыстық-процестік заңға сәйкес келмейді.

Мысалы, кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісім жасаудың басты шарты айыптау үкімін шығару болып табылса, онда қылмыстық іс бойынша үкім шығарылғанға дейін бұл шарттың орындалуы мүмкін емес, тиісінше соттың келісімдік іс жүргізу нәтижесінде сотталғанға жазаны тағайындау кезінде ҚК-нің 55-бабының 3-бөлігін қолдануы ҚПК-ге сәйкес келмейді.

Ынтымақтастық туралы процесстік келісім жасау кезінде мемлекет тарапынан осы келісімнің шарттарын орындау бойынша шараларды прокурор айыптау үкімі шығарылғаннан кейін ғана қабылдайды.

Осыған байланысты ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігіндегі «процестік келісімінің барлық шарттары орындалған» деген сөздерді алып тастау ұсынылады.

Зан жобасына тұжырымдамада жоба «Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №52-14.191 тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 08 қаңтардағы №1ө/22 өкімімен жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді қолдану практикасын мониторингілеу және қорыту мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы (*бұдан әрі - ВАЖТ*) құрылған.

ВАЖТ жұмысының шеңберінде Қылмыстық,

<p>Қылмыстық-процестік кодекстерге (бұдан әрі – ҚК, ҚПК) және басқа да кодекстер мен заңдарға қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ ҚК мен ҚПК-дегі ішкі карама-қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді. Ұсынылған түзетулер Тұжырымдамаға сәйкес келеді.» деп көрсетілген.</p> <p>Ұсынылған түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	
<p>9. ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігінің редакциясын параның сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, ұрланған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде айыппұл (бұдан әрі – еселенген айыппұл) түрінде жаза тағайындау кезінде бұл норманы қолдану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі бөлігінде нақтылау ұсынылады.</p> <p>ҚК-нің 55-бабының 4-бөлігінің негізінде еселенген айыппұлды ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында көзделген ең төменгі шектен төмен қолдану еселенген айыппұлды қолдану тұжырымдамасына сәйкес келмейді.</p> <p>Заң жобасына тұжырымдамада жоба «Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №52-14.191 тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 08 қаңтардағы №1ө/22 өкімімен жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді қолдану практикасын</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

<p>мониторингілеу және қорыту мақсатында ведомстваралық жұмыс тобы <i>(бұдан әрі - ВАЖТ)</i> құрылған. ВАЖТ жұмысының шеңберінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге <i>(бұдан әрі - ҚК, ҚПК)</i> және басқа да кодекстер мен заңдарға қылмыстық-құқықтық саясатты одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ ҚК мен ҚПК-дегі ішкі карама-қайшылықтар мен олқылықтарды жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірленді. Ұсынылған түзетулер Тұжырымдамаға сәйкес келеді.» деп көрсетілген.</p> <p>Ұсынылған түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>
<p>10. ҚК-нің 58-бабы 2-бөлігі мен 58-бабы 5-бөлігі нормалары арасындағы сәйкессіздікті алып тастау қажет. ҚК-нің 58-бабы 5-бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі жазаға жийынтықты құрайтын құқық бұзушылықтар үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкін.</p> <p>Бұл норма ҚК-нің 58-бабы 2-бөлігінің егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылдықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кірсе, онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы не жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады деген нормаға сәйкес келмейді.</p> <p>Осыған байланысты ҚК-нің 58-бабы 2-бөлігінің екінші абзацын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:</p>	

<p>«Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына тек қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кірсе, онда түпкілікті негізгі жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы тағайындалды.».</p> <p>Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	
<p>11. ҚК-нің 67-бабы 1-бөлігінің редакциясын ҚПК нормаларына сәйкес келтіріп нақтылауын талап етіледі.</p> <p>ҚПК кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісім шарттарын орындау кезінде адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздемейді. Керісінше, ҚПК-ге сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процесстік келісім жасаудың негізгі шарты жазаның белгілі түрі мен мөлшерін тағайындаумен айыптау үкімін шығару болып танылады.</p> <p>Осыған байланысты ҚК-нің 67-бабы 1-бөлігін мынадай редакцияда жазуды ұсынамын: «Ынтымақтастық туралы процесстік келісімінің барлық шарттарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін».</p> <p>Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>
<p>12. ҚК-нің 3-бабының 2), 3), 10) және 38) тармақтарының редакциясына өзгерістер енгізуді ұсынамыз.</p> <p>Қылмыстық заңның көрсетілген нормаларына сәйкес мүлкінің құны немесе қылмыстық құқық бұзушылық келтірген залалдың мөлшері айлық есептік көрсеткішті</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

<p>ескере отырыш белгіленеді. Бұл ретте АЕК-тің қай: қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданылған немесе кінәлі адамды жауаптылыққа тартқан кезінде қолданылған ма мөлшерді алу туралы нұсқау жоқ. Бұл мән-жай сот практикасында, оның ішінде ҚК-нің 6-бабын қолдану кезінде айтарлықтай проблемаларға (қылмыстық заңның кері күші) әкеп соғады.</p> <p>Осыған байланысты қылмыстық заңның 3-бабы 2), 3), 10) және 38) тармақтарын мүлкітін құнын немесе залалдын мөлшерін айқындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезінде қолданылған АЕК мөлшерін негізге алу керектігін ұсынамыз.</p> <p>Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	
<p>13. ҚК-нің 41-бабы 7-бөлігіне, 42-бабы 6-бөлігіне, 43-бабы 2-2-бөлігіне және 44-бабы 4-бөлігіне өзгерістер енгізуді және осы нормалардан «Аталған қылмыстық құқық бұзушылық көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау,» деген сөздерді алып тастауды ұсынамыз.</p> <p>Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау кезінде айыпшұл мен бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге де жаза түрлері ҚК-нің 41-44-баптарында белгіленген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін қылмыстық заңның деген ереже қылмыстық жазаның шектері туралы ережесін жоққа шығарады және ҚК-нің 55-бабы 4-бөлігін соттардың қолдануы кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғады».</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шенберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

<p>Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	
<p>14. КІТК-нің 105-бабы 1-бөлігінің бірінші абзацынан «немесе сотқа» деген сөздер алып тасталсын. Бірзділікті айқындау үшін: ведомстволық бақылау, прокурорлық қадағалау және сот бақылауы. Егер сот тәртібімен КІТК-нің 105-бабы тәртібімен өздеріне келіп түскен шағымдар бойынша қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезіндегі заңдылықты бұзушылықты жоюға шаралар қолданбаған қылмыстық қудалау органы басшылығының, қадағалаушы прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ғана шағым жасалса, дұрыс және тиімді болады. Шағымды беру бірзділігі шағымдарды қарауды жеделдетеді, қылмыстық қудалау органы жол берген заң бұзушылықтарға ден коюдың нақты шараларын қолданудағы прокурорлық қадағалаудың рөлін белсендіреді. Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>
<p>15. КІТК-нің 106-бабы 1-бөлігінде «қылмыстық істі тоқтатауда,» деген сөздерді алып тастау ұсынылады. КІТК-нің 23-бабы 5-бөлігіне сәйкес сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, тиісінше тергеу судьясы прокурор функциясы алмастыруға және істі тоқтату туралы қаулының күшін жоюға құқығы жоқ. Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>

<p>16. Сонымен қатар заң жобасын жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау тәртібіне қатысты біздің хатқа 2-қосымшаға сәйкес түзетулермен толықтыру ұсынылады.</p> <p>Түзетулер Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келеді.</p>	<p>Ұсыныс Заң жобасы тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды және жеке талқылауды талап етеді.</p>
<p>17. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарының «Сыбайлас жемқорлықсыз құқықтық мемлекет» 4 Реформасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының 75-77 – тармақтарымен (орындаушылары – мүдделі мемлекеттік органдар, оның ішінде Бас прокуратура да) алқабилер сотын қолдану аясын кеңейту және алқабилердің тізімін құру тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша Қылмыстық-процестік кодекске түзетулерді әзірлеу көзделген.</p> <p>Президент Әкімшілігі аялған мәселелер бойынша түзетулер жобаларын мақұлдаған (2019 жылғы 2 мамырдағы № 19-641-9 және 2019 жылғы 9 шілдедегі № 19-644-5 бұрыштамалар).</p> <p>Мемлекеттік органдар, оның ішінде Бас прокуратура да, түзетулер жобасын келісіп, мемлекеттік органдардың ескертулері жобаны әзірлеу кезінде ескерілді.</p> <p>Қаржы министрлігі заң жобасын ескертулерсіз келісті.</p> <p>Белгіленген түзетулерді аялған заң жобасына енгізу мәселесі БПІ жанындағы ВАЖТ-та талқыланған және ВАЖТ мүшелері – орталық мемлекеттік органдардың</p>	<p>Ұсыныстар заң жобасының тұжырымдамасы шеңберінен ауытқиды.</p> <p>Оған қоса, мүдделі органдардың, оның ішінде Бас прокуратураның бірыңғай ұстанымының болмауына орай, ҚР Премьер-Министрі түзетулерді пысықтап, 11.11.2019 ж. дейін нәтижелер туралы хабарлауды тапсырды (ЖС 20.03.2019 ж. №6001-18-10/5/2019/6001-19-2-1-8/31//18-01-38.14 хатына 09.04.2019 ж. №13-13/04-295//18-01-38.14 (76-т.) фишка).</p> <p>ҚР Президентінің Әкімшілігі Жоғарғы Сотқа алқабилер сотын қолдану аясын кеңейту мәселесін қосымша зерттеп білуді тапсырды. Сондай-ақ алқабилер сотының солтылығына жататын қылмыстар құрамдары санының кенекіне орай бюджет шығыстарының өсуі көрсетілген (ПӘБ 02.05.2019 ж. № 19-644-3 хаты).</p>

Бірінші басшыларының мақұлданған.	орынбасарлары	деңгейінде	
--------------------------------------	---------------	------------	--

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы


Ж. Асанов

2019 жылғы «31» шілде

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.


Б. Асылгов

2019 жылғы «31» шілде